



"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2011 жылғы есепті бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 сәуірдегі № 485 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2011 жылғы есепті бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Қазақстан Республикасының Президенті
ЖАРЛЫҚ

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2011 жылғы есепті бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 134-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2011 жылғы есеп бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2011 жылғы есепті Қазақстан Республикасының Парламентіне ақпарат тәртібімен ұсынсын;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2011 жылғы есеп және аудит жүргізу нәтижелері туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді қамтамасыз етсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. Назарбаев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы

№

Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2011 жылғы ЕСЕП

Астана қ., 2012 жыл

Мазмұны

- 1-бөлім. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оны пайдалану
т у р а л ы е с е п
- 2-бөлім. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару жөніндегі
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы 2011 жылғы есеп
- 3-бөлім. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі 2011 жылғы
өзге де деректер

1-бөлім. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оны пайдалану туралы 2011 жылғы есеп

Р/с №	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану	С о м а с ы (мың теңге)
1	2	3
1.	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының есепті кезеңнің басындағы қаражаты	5 704 444 289*
	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдер:	3 488 043 602
	оның ішінде:	
	мұнай секторы ұйымдарынан түсетін тікелей салықтар (жергілікті бюджеттерге есептелетін салықтарды қоспағанда)	3 360 214 852
	оның ішінде:	
	корпоративтік табыс салығы	1 193 814 475
	үстеме пайдаға салынатын салық	109 212 149
	бонустар	48 761 538
	пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	988 233 364
	экспортқа салынатын рента салығы	824 417 984
	жасалған шарттар бойынша өнімді бөлу жөніндегі Қазақстан Республикасының үлесі	195 775 342
	қызметін өнімді бөлу жөніндегі келісімшарт бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының, мұнай секторы ұйымдарынан қосымша төлем	0
	мұнай секторы ұйымдары жүзеге асыратын операциялардан түсетін басқа да түсімдер (жергілікті бюджеттерге есептелетін түсімдерді қоспағанда)	14 240 079
2.	оның ішінде:	

	орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері мұнай секторы ұйымдарына салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 699 410
	республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мұнай секторы ұйымдарына салатын басқа да айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	39
	мұнай секторы ұйымдары келтірген зиянның орнын толтыру туралы талаптар бойынша табиғатты пайдаланушылардан алынған қаражат	12 540 586
	мұнай секторы ұйымдарынан түсетін басқа да салықтық емес түсімдер	44
	республикалық меншіктегі және тау-кен өндіру және өңдеу салаларына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер	0
	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер	786 144
	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқарудан түсетін инвестициялық кірістер	112 802 527
	Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге түсімдер мен кірістер	0
	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын пайдалану:	1 204 132 712
3	оның ішінде:	
	кепілдік берілген трансферттер	1 200 000 000
	нысаналы трансферттер	0
	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабу	4 132 712
4	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының есепті кезеңнің аяғындағы қаражаты:	7 988 355 179**

* 2011 жылдың басындағы сальдо 3 884 641 мың теңге мөлшерінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының есептелген және мерзімі ұзартылған шығыстарының сомасын, 51 мың теңге айырма мен «Эрнст энд Янг» ЖШС сыртқы аудиторы жасаған өткен жылдардағы қаржылық есептіліктегі дөңгелектеу сомасын және түзету сомасы болып табылатын 602 031 752 мың теңге соманы есепке алмай көрсетілген;

** 2011 жылдың аяғындағы сальдо 2 698 444 мың теңге мөлшерінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының есептелген және мерзімі ұзартылған шығыстарының сомасын және 51 мың теңге айырма мен «Эрнст энд Янг» ЖШС сыртқы аудиторы жасаған өткен жылдардағы қаржылық есептіліктегі дөңгелектеу сомасын есепке алмай көрсетілген.

2011 жылғы 1 қаңтарға Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты 5 704 444 289 мың теңгені (5 098 527 845 мың теңге – аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес есептеу тәсілімен), 2011 жылғы 31 желтоқсанға 7 988 355 179 мың теңгені (7 383 624 933 мың теңге – аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес есептеу тәсілімен) құрады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына 2011 жылы 3 488 043 602 мың теңге түсті, оның ішінде 1 603 161 781 мың теңге 10 931 792 мың АҚШ долларына барабар) кезекті айырбастау/қайта айырбастау операциясын дәл сол күні жүргізу жолымен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының тиісті шотына теңгемен есепке алынған

шетелдік валютадағы түсімдер болып табылады. Одан мұнай секторы ұйымдарынан түскен тікелей салықтардың түсімдері есебінен (жергілікті бюджеттерге есепке алынатын салықтарды қоспағанда) – 3 360 214 852 мың теңге, мұнай секторы ұйымдары жүзеге асыратын операциялардан түсетін басқа да түсімдер (жергілікті бюджеттерге есепке алынатын түсімдерді қоспағанда) – 14 240 079 мың теңге, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер – 786 144 мың теңге, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқарудан түсетін инвестициялық кірістердің түсімдері – 112 802 527 мың теңге.

2011 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына мұнай секторы ұйымдарынан түскен түсімдердің құрылымы

Салық төлемдерінің түрі	С о м а с ы (мың теңге)	Жалпы көлемдегі үлесі (%)
1	2	3
Корпоративтік табыс салығы, оның ішінде	1 193 814 475	35,38
КТС 101105*	930 040 388	27,56
КТС 101106*	45 482 671	1,35
КТС 101107*	218 291 416	6,47
Үстеме пайдаға салынатын салық	109 212 149	3,24
Бонустар	48 761 538	1,44
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	988 233 364	29,29
Экспортқа салынатын рента салығы	824 417 984	24,43
Шикізат секторы ұйымдарынан өнімді бөлу жөніндегі Қазақстан Республикасының үлесі	195 775 342	5,80
Орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері мұнай секторы ұйымдарына салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 699 410	0,05
Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мұнай секторы ұйымдарына салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	39	0,00
Мұнай секторы ұйымдары келтірген зиянның орнын толтыру туралы талаптар бойынша табиғат пайдаланушылардан алынған қаражат	12 540 586	0,37
Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін басқа да салықтық емес түсімдер	44	0,00
БАРЛЫҒЫ:	3 374 454 931	100,00

Е с к е р т п е :

* КТС 101105 – заңды тұлғалар – мұнай секторы ұйымдарынан алынатын корпоративтік табыс салығы;

* КТС 101106 – мұнай секторы ұйымдары резидент заңды тұлғалардан төлем көзінен ұстайтын корпоративтік табыс салығы;

* КТС 101107 – мұнай секторы ұйымдары резидент емес заңды тұлғалардан төлем көзінен ұстайтын корпоративтік табыс салығы.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдердің негізгі бөлігін (35,38 %) заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы, одан соң үлесі түсімдердің жалпы сомасының 29,29 %-ын құрайтын пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық алады. Экспортқа салынатын рента салығы түсімдердің жалпы сомасының 24,43 %-ын құрайды, Қазақстан Республикасының өнімді бөлу жөніндегі үлесі түсімдердің жалпы сомасының 5,80%-ын, үстеме пайдаға салынатын салық түсімдердің жалпы сомасының 3,24 %-ын құрайды және бонустар түсімдердің жалпы сомасының 1,44%-ын құрайды.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2011 – 2013 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 30 қарашадағы Заңына сәйкес 2011 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламаларының шығыстарын қаржыландыруға кепілдік берілген трансферт түрінде жоспарланған 1 200 000 000 мың теңгенің 1 200 000 000 мың теңгесі аударылды, бұл жылдық жоспардың 100 %-ын құрайды.

2-бөлім. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы 2011 жылғы есеп

«Делойт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізген Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры аудитінің нәтижелері бойынша қаржылық есептілік дұрыс деп танылды және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаржылық жағдайының халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес келетінін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 2011 жылғы 31 желтоқсанға кредиторлық берешегі мен есептелген төленбеген шығыстарының жалпы сомасы 4 285 535 мың теңгені құрады, оның ішінде: инвестициялық операциялар бойынша шетел валютасындағы кредиторлық берешек – 1 587 091 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына көрсетілген қызметтер үшін теңгедегі кредиторлық берешек – 2 698 444 мың теңге, одан: активтерді басқару үшін комиссиялар – 2 538 566 мың теңге, оның ішінде: - 2 219 980 мың теңге – сыртқы басқарушылардың қызметтеріне комиссия; - 318 586 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің комиссиялық сыйақысы;

өзге де есептелген шығыстар – 159 878 мың теңге, оның ішінде:

- 109 084 – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының BNY Mellon ғаламдық касто ди а ны ны ң қызметтеріне;
 - 40 261 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының BNP Paribas ғаламдық касто ди а ны ны ң қызметтеріне;
 - 7 568 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының сыртқы аудитін жүргізу бойынша қызметтерге;
 - 2 965 мың теңге – «Standard&Poor's» компаниясының ақпараттық қызметтеріне.
- 1-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бухгалтерлік теңгерімі (мың теңге)

Баптың атауы	2011 жылы	2010 жылы
1	2	3
Активтер		
Ақша және оның баламалары	618 528 791	176 444 135
Туынды қаржы құралдарын қоспағанда, пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы құралдары		
Қор меншігіндегі	6 338 095 630	4 518 506 786
РЕПО мәмілелері бойынша кепіл ауыртпалығы бар	0	62 260 905
Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар	428 926 918	402 785 683
Туынды қаржы құралдары	4 663 906	4 230 221
Дебиторлық берешек	2 245 817	5 333 333
Активтер жиыны	7 392 461 062	5 169 561 063
Міндеттемелер мен таза активтер		
Туынды қаржы құралдары	4 550 594	3 032 339
РЕПО мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	0	60 950 849
Кредиторлық берешек және есептелген шығыстар	4 285 535	7 050 030
Міндеттемелер жиыны	8 836 129	71 033 218
Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотын құрайтын таза активтер	7 383 624 933	5 098 527 845

2011 жылғы 31 желтоқсанға инвестициялық операциялар бойынша шетел валютасындағы дебиторлық берешекті білдіретін Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры дебиторлық берешегінің жалпы сомасы 2 245 817 мың теңгені құрады.

2-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің пайдасы мен шығындары туралы есеп (мың теңге)

Баптың атауы	2011 жылы	2010 жылы
--------------	-----------	-----------

1	2	3
Кірістер		
Сыйақы түріндегі кірістер	108 325 210	92 100 816
Дивидендтер түріндегі кірістер	22 191 978	14 053 370
Форвардтық валюталық келісімшарттарды қоспағанда, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы құралдарынан түсетін кіріс	(45 135 519)	27 833 924
Форвардтық валюталық келісімшарттардан түсетін таза пайда/(шығын)	2 637 743	5 884 936
Шетел валюталарын қайта бағалаудан түсетін таза пайда/(шығын)	(24 945 987)	16 439 762
Кірістердің жиыны	63 073 425	156 312 808
Шығыстар		
Активтерді басқарғаны үшін комиссиялар	2 547 267	3 371 884
Кастодиандық қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстар	327 964	255 687
Аудиторлық қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстар	7 568	10 864
Кәсіби қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстар	-	-
Бағдарламалық өнімдерді және ақпараттық дерекқорды пайдаланғаны үшін ақы төлеу жөніндегі шығыстар	63 715	16 648
Шығыстардың жиыны	2 946 514	3 655 083
Таза кіріс (шығын)	60 126 911	152 657 725
Басқа жиынтық кіріс		
Бағамдық айырма	49 729 102	(22 139 167)
Жалпы жиынтық кіріс/(зиян)	109 856 013	130 518 558

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын 2011 жылы сенімгерлік басқарудың қорытындысы бойынша негізгі көрсеткіштер:

1) басқару нәтижелері бойынша кірістер 63 073 425 мың теңгені; 2) басқарудан болатын шығыстар 2 946 514 мың теңгені; 3) теңгеге қайта бағалау (қайта есептеу) бойынша оң айырма 49 729 102 мың теңгені құрады.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқарудан болатын шығыстарды шегеруге дейін жалпы жиынтық кіріс 112 802 527 мың теңгені құрады, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқарудан болатын шығыстарды шегеруден кейінгі жалпы жиынтық кіріс 109 856 013 мың теңгені құрады, 2011 жылы таза кіріс 60 126 911 мың теңгені құрады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының BNY Mellon кастодиан банкінің деректері бойынша 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап 2011 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғандағы кезеңде АҚШ доллары – базалық валютада есептелген инвестициялық кіріс (іске асырылған және іске асырылмаған) қалыптасты, ол 245 490 мың АҚШ долларын құрады. BNY Mellon кастодиан банкінің деректері бойынша мәмілелер жасауға шығындарды ескере отырып түзетілген инвестициялық кіріс сол кезең ішінде 245 044 мың АҚШ долларын құрады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 2011 жылғы шотынан есепті кезеңде

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқаруға байланысты жалпы сомасы 4 132 712 мың теңге мынадай шығыстар төленді:

1 955 920 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын сенімгерлік басқару бойынша сыртқы басқарушыларға комиссиялық сыйақы, оның ішінде 268 983 мың теңге 2011 жылғы қызметтер үшін және 1 686 937 мың теңге өткен жылдардағы қызметтер үшін;

1 846 892 мың теңге – Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқарғаны үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне комиссиялық сыйақы, оның ішінде 1 672 913 мың теңге 2011 жылғы қызметтер үшін және 173 979 мың теңге өткен жылдардағы қызметтер үшін;

150 994 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының BNY Mellon ғаламдық кастодианының қызметтері үшін, оның ішінде 104 380 мың теңгесі 2011 жылғы қызметтер үшін және 46 614 мың теңге өткен жылдардағы қызметтер үшін;

107 291 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының BNP Paribas ғаламдық кастодианының қызметтері үшін, оның ішінде 76 163 мың теңгесі 2011 жылғы қызметтер үшін және 31 128 мың теңге өткен жылдардағы қызметтер үшін;

44 093 мың теңге – «Barra International LTD» компаниясының бағдарламалық өнімін пайдаланғаны үшін, оның ішінде 15 143 мың теңгесі 2011 жылғы қызметтер үшін және 28 680 мың теңге өткен жылдардағы қызметтер үшін;

10 864 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына сыртқы аудит жүргізу бойынша қызметтер үшін;

8 511 мың теңге – «Yield book» компаниясы 2011 жылы көрсеткен қызметтер үшін;

5 793 мың теңге – «Morgan Stanley Capital International» компаниясы 2011 жылы көрсеткен ақпараттық қызметтер үшін;

2 351 мың теңге – «Fitch Ratings» компаниясының бағдарламалық өнімін 2011 жылы пайдаланғаны үшін;

3 мың теңге – 2010 жылы «Бағалы қағаздардың тіркеушілік жүйесі» АҚ-ның теңгеге номинирленген бағалы қағаздарды есепке алу және сақтау жөніндегі қызметі үшін.

2011 жылдың ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқару жөніндегі шығыстардың есептелген жалпы сомасы 2 946 515 мың теңгені құрады, ол мына сомадан тұрады:

1 991 499 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің комиссиялық сыйақысы;

555 768 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының сырттай басқарушыларының қызметі үшін;

213 082 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының BNY Mellon ғаламдық кастодианының қызметі үшін;

114 883 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының BNP Paribas

ғаламдық кастодианының қызметі үшін;
 44 092 мың теңге – «Barra International LTD» компаниясының бағдарламалық өнімін пайдаланғаны үшін;
 8 511 мың теңге – «Yield book» компаниясы көрсеткен қызметтер үшін;
 7 568 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына аудит жүргізу бойынша қызметтер үшін;
 5 793 мың теңге – «Morgan Stanley Capital International» компаниясы көрсеткен ақпараттық қызметтер үшін;
 2 965 мың теңге – «Standard&Poor's» компаниясының ақпараттық қызметтері үшін;
 2 351 мың теңге – «Fitch Ratings» компаниясының бағдарламалық өнімін пайдаланғаны үшін;
 3 мың теңге – «Бағалы қағаздардың тіркеушілік жүйесі» АҚ-ның теңгеге номинирленген бағалы қағаздарды есепке алу және сақтау жөніндегі қызметі үшін.

3-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (мың теңге)

Баптың атауы	2011 жылы	2010 жылы
1	2	3
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы		
Таза пайда (шығын)	60 126 911	152 657 725
Түзетулер:		
Қазақстандық мемлекеттік компаниялардың облигациялары бойынша дисконттың /сыйлықтың амортизациясы	(26 141 236)	(21 040 810)
РЕПО мәмілелері бойынша сыйақы түріндегі шығыстар	4 889	-
Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы құралдарынан іске асырылмаған шығын/пайда	74 599 675	(17 885 413)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы	108 590 239	113 731 502
Операциялық активтердің ұлғаюы (азаяуы):		
Туынды қаржы құралдарынан басқа, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы құралдары	(1 782 198 254)	(1 048 129 051)
Туынды қаржы құралдары	(433 685)	(2 661 957)
Дебиторлық берешек	(3 087 516)	(5 330 790)
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы (азаяуы):		
Туынды қаржы құралдары	1 518 255	1 075 566
РЕПО мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	(60 955 995)	60 946 617

Кредиторлық берешек және есептелген шығыстар	(2 764 495)	2 833 497
Ақша қаражатын операциялық қызметте/ке таза пайдалану/түсуі	(1 733 156 419)	(877 534 616)
Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы		
Қазақстандық мемлекеттік компаниялардың облигацияларын сатып алу/сату немесе өтеу	-	(104 930 658)
Инвестициялық қызметте ақша қаражатын таза пайдалану	-	(104 930 658)
Қаржы қызметінен түсетін ақша қаражатының қозғалысы		
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен түсетін түсімдер	3 375 241 075	2 273 549 751
Республикалық бюджетке аударымдар	(1 200 000 000)	(1 200 000 000)
Басқа аударымдар	-	(115 069 342)
Қаржы қызметінен/де ақша қаражатының таза түсімі/(пайдаланылуы)	2 175 241 075	958 480 409
Ақша қаражатының және оның баламаларының таза ұлғаюы/(азаюы)	442 084 656	(23 984 865)
Жыл басындағы ақша қаражаты және оның баламалары	176 444 135	200 429 000
Кезең соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары	618 528 791	176 444 135

4-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің таза активтеріндегі өзгерістер туралы есеп (мың теңге)

Баптың атауы	Түсімдер	Алулар	Таза пайда (шығын)	Валютаны қайта бағалау бойынша резерв	Барлығы
1	2	3	4	5	6
2009 жылғы 31 желтоқсанға қалдық	5 875 821 128	(2 929 492 851)	599 524 514	463 676 087	4 009 528 878
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен түскен түсімдер және басқа да түсімдер	2 273 549 751				2 273 549 751
Республикалық бюджетке аударымдар		(1 200 000 000)			(1 200 000 000)
Өзге де аударымдар		(115 069 342)			(115 069 342)
Валютаны қайта бағалаудың таза активтердің бастапқы қалдығына әсері				(25 927 170)	(25 927 170)
Валютаны қайта бағалаудың таза пайдаға (шығынға) және басқа аударымдарға әсері				3 788 003	3 788 003
Кезеңдегі таза пайда (шығын)			152 657 725		152 657 725

2010 жылғы 31 желтоқсанға қалдық	8 149 370 879	(4 244 562 193)	752 182 239	441 536 920	5 098 527 845
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен түскен түсімдер	3 375 241 075				3 375 241 075
Республикалық бюджетке аударымдар		(1 200 000 000)			(1 200 000 000)
Басқа да аударымдар		-			-
Валютаны қайта бағалаудың активтердің бастапқы сальдосына әсері				31 109 661	31 109 661
Валютаны қайта бағалаудың таза пайдаға (шығынға) әсері				18 619 441	18 619 441
Кезеңдегі таза пайда (шығын)			60 126 911		60 126 911
2011 жылғы 31 желтоқсанға қалдық	11 524 611 954	(5 444 562 193)	812 309 150	491 266 022	7 383 624 933

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтері 2011 жылдың аяғында 7 383 624 933 мың теңгені құрады (аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес есептеу әдісімен), жылдық өсім 45 %-ды құрады. Негізінен активтердің ұлғаюына мұнай секторы ұйымдарынан түсетін тікелей салықтар (жергілікті бюджеттерге есептелетін салықтарды қоспағанда) бойынша түсімдер көлемінің артуы есебінен қол жеткізілді.

3-бөлім. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі 2011 жылғы өзге де деректер

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін басқару

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін бөлу құрылымы мынадай түрге ие болды. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қоржынының жалпы нарықтық құны 2011 жылғы 31 желтоқсанда 46 584 481 911 АҚШ долларына тең болды, оның ішінде валюта қоржыны – 43 694 138 797 АҚШ доллары (93,80 %) және «Самұрық-Қазына» АҚ мен «ҚазАгро» АҚ облигациялар қоржыны – 2 890 343 114 АҚШ доллары (6,20 %). Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры валюталық қоржынының құрамына кіретін тұрақтандыру және жинақ қоржынының нарықтық құны тиісінше 17 223 796 555 (39,42 %) және 26 471 342 242 (60,58 %) АҚШ доллары болды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының валюталық қоржынының құрамына кіретін бағалы қағаздардың және басқа да қаржы құралдарының нарықтық құны BNY Mellon кастодиан банкінің деректеріне негізделеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының валюталық активтерін бөлу құрылымы

Мандат түрі	Барлығы	
	USD-мен нарықтық құны	%

Тіркелген кірісі бар бағалы қағаздар	20 826 712 582	47,66
Ақша нарығы	17 223 796 554	39,42
Акциялар	4 698 203 336	10,75
Жаһандық тактикалық бөлу	945 426 325	2,16
БАРЛЫҒЫ	43 694 138 797	100,00

Тұрақтандыру қоржынының активтерін бөлу серпіні

%

	31.03.11	30.06.11	30.09.11	31.12.11
Ақша және ақша нарығының құралдары	90,08	93,96	95,18	100,00
Тіркелген кірісі бар бағалы қағаздар	9,92	6,04	4,82	0,00
Тұрақтандыру қоржынының барлығы	100,00	100,00	100,00	100,00


Жинақтау қоржынының активтерін бөлу серпіні

%

	31.03.11	30.06.11	30.09.11	31.12.11
Тіркелген кірісі бар бағалы қағаздар	77,25	78,73	80,70	77,73
Акциялар	20,00	19,71	17,00	18,00
Ақша және ақша нарығының құралдары	2,75	1,55	2,30	4,27
Жинақтау қоржынының барлығы	100,00	100,00	100,00	100,00

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кірістілігі 2011 жылы 1 , 3 7 % к ұ р а д ы .

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры құрылғаннан бастап 2011 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы инвестициялық кіріс 5 331 млн. АҚШ долларын құрады. Құрылғаннан бастап 2011 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кірістілігі 61,86 %-ды құрады, бұл жылдық мәнде 4,65 %-ды құрайды. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының тарихи кірістілігі



Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтері мынадай санаттар (инвестициялық қоржын түрлері) бойынша жіктелген: тұрақтандыру қоржыны; жинақтау қоржыны; тіркелген кірісі бар бағалы қағаздар қоржыны; акциялар қоржыны; активтерді тактикалық орналастыру қоржыны.

Инвестициялық стратегияға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры активтерінің әрбір сыныбы эталондық қоржынға (индекске) қатысты басқарылады, оның негізінде активтердің кірістілігі бағаланады. Эталондық қоржындар (индекстер) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесінде айқындалған.

Тұрақтандыру қоржынының кірістілігі 2011 жылы 0,273 %-ды құрады, осы кезеңде эталондық қоржынның (Merrill Lynch 6-month US Treasury Bill Index) кірістілігі 0,268 %-ды құрады. Осылайша, тұрақтандыру қоржынының активтерін басқару нәтижесінде 2011 жылы 0,005 % мөлшерінде оң үстеме кірістілік алынды.


Жинақтау қоржынының кірістілігі 2011 жылғы 2,75 %-ды құрады. Осы кезеңде эталондық қоржынның кірістілігі 3,72 %-ды құрады. Осылайша, теріс үстеме кірістілік (-) 0,97 % мөлшерінде алынды.

«Жаһандық акциялар» мандат түрі бойынша жинақтау қоржынының активтерін басқарудан түсетін кірістілік 2011 жылы (-) 4,15% құрады, ал бенчмарктің кірістілігі (-) 3,02% құрады. Осылайша, эталондық қоржынға қатысты мандаттың осы түрі бойынша активтерді басқару нәтижесі теріс болды, жоғары кірістілік (-) 1,13% құрады.

«Активтерді жаһандық тактикалық орналастыру» мандат түрі бойынша жинақтау қоржынының активтерін басқарудан түсетін кірістілік 2011 жылы 0,82% құрады, ал бенчмарктің кірістілігі 3,87% құрады. Осылайша, эталондық қоржынға қатысты мандаттың осы түрі бойынша 2011 жылы жинақтау қоржынының активтерін басқару нәтижесі теріс болды, жоғары кірістілік (-) 1,13% құрады.


«Жаһандық облигациялар» мандат түрі бойынша жинақтау қоржынының активтерін басқарудан түсетін кірістілік 2011 жылы 4,48% құрады. Осы субқоржынның эталондық қоржынының кірістілігі 4,95% құрады. Осылайша, мандаттың осы түрін басқару нәтижесінде алынған жоғары кірістілік теріс болды және (-) 0,47% құрады.

Мандаттардың түрлері бойынша жинақтау қоржынының кірістілігі



2011 жылғы басқару нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жинақтау қоржынының активтерін басқарушылардың көпшілігінде теріс жоғары кірістілік қалыптасты, бұл әлемдік қаржы нарықтарының жоғары құбылмалылығымен бір қатарда жоғары дәрежедегі белгісіздікке байланысты болды.

Тұрақтандыру қоржынының кірістілігі



2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөнінде 2011 жылы өткізілген іс-шаралар туралы қосымша ақпарат

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 29 сәуірдегі № 46 қаулысымен «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сыртқы басқарушыларды таңдау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 66 қаулысына Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сыртқы басқарушыларды таңдау тәртібін жетілдіруге бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 29 сәуірдегі № 7 және 2011 жылғы 26 тамыздағы № 99 қаулыларымен «Жаһандық облигациялар» мандаты бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сыртқы басқарушылар болып – Amundi компаниясы мен Pictet Asset Management компаниясы бекітілді.

Активтерді жаһандық тактикалық басқару бағдарламасын жабуға байланысты «Активтерді жаһандық тактикалық орналастыру» мандаты бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сыртқы басқарушымен – Credit Suisse Asset Management, онымен 2008 жылғы 26 ақпандағы № 53 НБ инвестициялық басқару жөніндегі келісім бұзылды, ал оның басқаруындағы активтер «Активтерді жаһандық тактикалық орналастыру» мандаты бойынша басқа сыртқы басқарушы UBS Asset Management берілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқарудың тиімділігін арттыру және Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры жинақ қоржынының активтерін одан әрі әртараптандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 122 қаулысымен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесіне жинақ қоржынының валюталық әртараптандыруды тереңдетуді, сондай-ақ теріс кірістіліктің ұзақ мерзімді секторда табысын тіркеу мақсатында облигациялар қоржынын өтеуге дейін орта мерзімді қысқартуды және пайыздық ставкалардың өзгеру тәуекелін төмендетуді көздейтін өзгерістер енгізілді. Осылайша, облигациялар қоржыны үшін эталондық қоржынға АҚШ долларының үлесін 10% азайту есебінен 2 жаңа валюта: канадалық доллар – 5% және оңтүстік корейлік вона – 5% енгізілді, ал акциялар қоржыны үшін эталондық қоржын MSCI WorldIndex – 100% өзгертілді.

Еуроаймақ елдерінің қаржылық конъюнктурасының нашарлауы астарында Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры жинақ қоржынының кредиттік сапасын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Басқармасы евродағы субқоржын үшін жаңа эталондық қоржынды қабылдауға қатысты 2011 жылғы 28 қазандағы № 160 қаулыны қабылдады, оған ең жоғары кредиттік

рейтингі бар Еуроаймақ елдерінің бағалы қағаздары енгізілген. Осыған байланысты МБҚ бойынша, оның ішінде Италия мен Испанияның позициялары жойылды.

2011 жылы теңгеде номинацияланған бағалы қағаздар эмиссиясы талаптарына сәйкес эмитенттерден жалпы сомасы 1 000 000 мың теңгеге купондық сыйақы, оның ішінде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ облигациялары бойынша – 976 000 мың теңге, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ облигациялары бойынша – 24 000 мың теңге алынды.

Халық арасында Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының мақсаттары мен міндеттерін түсіндіру жөнінде жүйелі жұмыс жүргізу шеңберінде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды :

2011 жылғы мамырда және тамызда Қазақстан Республикасының қаржы вице-министрі Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын пайдалануға және әлемдік экономикадағы жағдай өзгерген кездегі инвестициялық саясатқа қатысты мәселелер бойынша «ҚазТаг» ақпараттық агенттігіне ақпарат ұсынды;

2011 жылғы тамызда Қазақстан Республикасының қаржы вице-министрі Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ағымдағы жағдайына және әлемдегі экономикалық тұрақсыздықты ескере отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық стратегиясына мүмкін болатын өзгерістерге қатысты мәселелер бойынша «Эксперт Казахстан» журналына сұхбат берді;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы 2010 жылғы есеп және сыртқы аудит жүргізу нәтижелері туралы ақпарат 2011 жылғы 7 маусымда № 238-239 (26637) «Егемен Қазақстан» және № 179 (26600) «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің web-сайтына орналастырылды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қызметі туралы қажетті ақпарат, есептер, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің web-сайтына (www.minfin.kz) орналастырылды.